

№ 7 Дәріс. Мемлекет және азаматтық қоғам

Сабақтың жоспары

1. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты ретінде. Мемлекеттің пайда болу теориялары мен концепциялары. Мемлекеттің белгілері мен құрылымы. Мемлекеттік құрылыс және басқару формалары. Мемлекеттің функциялары, олардың қазіргі заман жағдайындағы трансформациясы. Қазіргі заманғы тәуекелдер жағдайындағы саяси бағытты әзірлеу. Мемлекет - Қазақстан Республикасы. Қазіргі заманғы Қазақстандағы демократиялық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы.
2. Құқықтық және әлеуметтік мемлекет: мәні мен принциптері. Егеменді мемлекет Қазақстан Республикасының Конституциясы. Әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу шарттары.
3. Азаматтық қоғам: мәні, құрылымы, функциялары. Азаматтық қоғамның негізгі концепциялары. Азаматтық қоғам қызметінің бағыттары. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның даму келешегі

Дәрістің мазмұны

Кіріспе

Мемлекет - қоғамның саяси жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі есебінде билік жүргізу құралы, қоғамды басқарудың механизмі болып табылады. Ол қоғамдағы әлеуметтік – экономикалық және мәдени-рухани қарым-қатынастардың әрі туындысы, әрі олардың реттеушісі, қоғамдағы құқықтың, заңдардың іске асуын, бір сөзбен айтқанда бүкіл саяси жүйенің қызмет етуін қамтамасыз етуші. Мемлекет ұғымы кең мағынада алғанда жоғары билік органдардың құзырындағы белгілі территориялық аумақта орналасқан бүкіл елді, халықты, қоғамды қамтиды. Мәселен, Қазақстан мемлекеті, Ресей мемлекеті, т.б. түсініктерді осы тұрғыда пайдаланамыз. Өзіндік нақты мағынасында алғанымызда мемлекет ұғымы белгілі территорияда жоғары билік тұтқасына ие болып отырған ұйымды білдіреді.

Мемлекеттің шығуы туралы бірқатар теориялар бар:

- Теократиялық теория бойынша мемлекет бір жаратушының еркімен, халықты, елді басқару үшін пайда болған құдіретті күш. Оған қарсы тұру, күресу – бос әуре. Ең керегі – оған мүлтіксіз бағынышта болу.
- Патриархалдық теория адамдар алғашқы кезеңде руларға топтасып өмір сүрді, одан кейін рулар тайпаға бірікті, бертін келе тайпаларды біріктірген мемлекеттер пайда болды дейді;
- Антропологиялық ағым өз мазмұны жөнінен патриархалдық теорияға жақын. Оның пайымдауынша, мемлекеттің пайда болуының түп тамыры адамның қоғамдық табиғатынан нәр алып, өркен жаяды, адамдарға ұжымдасып, ұйымдасып өмір сүріп, тіршілік жасау қасиеті тән, осы қасиетті құқық арқылы дамытып, жүйелейтін құбылыс – мемлекет. Бұл ағым Аристотель идеяларынан бастау алады;
- ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда буржуазиялық қоғамдық жүйе қанат жая бастаған кезеңде қоғамдық келісім теориясы пайда болды. Қоғамдық келісім теориясы қоғам дамуы барысында адамдар арасындағы саналы түрде келісім жасап, ортақ мәмлеге келу қажеттілігінен туындайды дейді (Гоббс, Локк);
- ХІХ ғасырда пайда болған саяси күштеу теориясы (Гумплович, Дюринг, Оппенгеймер) бойынша мемлекеттің негізінде жаулап алулар жатыр дейді;
- Маркстік теорияға сәйкес мемлекет қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде, объективті заңдылықтар негізінде қоғамның өз туындысы есебінде үстем таптың мүддесін қорғаушы күш, бір таптың екінші тапты езуінің құралы есебінде дүниеге келеді. Бұл теорияның құнды, маңызды жағы мол, бірақ таптық көзқарасты асқақтата көтеріп қарайды.

Шын мәніне келгенде, мемлекет қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде объективті қажеттілік ретінде пайда болады. Ол – қоғамның өзі тудыратын, қажет ететін құбылыс. Мемлекет пайда болды деген сөз – саясат және саяси билік пайда болды дегенді білдіреді. Олардың пайда болу себептері бірдей: яғни қоғамның даму барысында қоғамдық қатынастардың күрделенуіне байланысты адамдардың топтасуы және жіктелуі: олардың қоғамдағы орындары мен мүдделерінің әртүрлілігі, бұл топтар арасындағы қарым-қатынастарды реттей отырып, қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын және дамуын қамтамасыз ету қажеттігі.

Мемлекетке мынандай белгілер тән:

- Дербестік (суверенность) – мемлекет өзінің шекаралық аумағындағы әрекет жасайтын субъектілердің үстінен ең жоғары билік жүргізеді, ал басқа мемлекеттер оның дербестігін, тәуелсіздігін сыйлауға тиісті;
- Мәжбүрлік - әрбір адам белгілі бір мемлекетке тәуелді, оның азаматы, оның еркіне, заңдарына, күш-қуатына бағынады;
- Жалпыға бірдейлік – мемлекет өзінің территориялық аумағындағы барлық адамдарға, оның ішінде шет ел азаматтарына да өз ықпалы мен ырықын жүргізеді.

Сонымен бірге мемлекетке өз мәнінен ажырамас мынандай атрибуттық қасиеттер тән:

- Мемлекет механизмін құрайтын органдар мен мекемелер, күштеу құралдарының болуы: мемлекеттік аппарат (іс жүргізушілер), сақшы, әскер, сот, прокуратура, түрме.
- Мемлекет аумағында орындалуы бүкіл халық тарапынан міндетті болып табылатын заңдар мен нормаларды қабылдау, олардың орындалуын бақылауға алу және ашық түрде күш қолдану құқығының барлығы.
- Мемлекет билігі жүргізілетін территорияның және ел-жұрттың болуы, мемлекеттік аппаратты және билікті қорғаушы органдарды ұстауға қажетті халық тарапынан міндетті түрде төленетін салықтардың болуы.

Мемлекеттің атқаратын қызметтері (функциялары) жөнінде әртүрлі түсініктер бар. Мәселен, ішкі және сыртқы міндеттерді ажыратады. Сондай-ақ қоғамның түрлі салаларына сәйкес экономикалық, әлеуметтік, мәдени-ағарту, тәлім-тәрбиелік, тәртіп сақтау, сыртқы қауіптен қорғану сияқты функцияларды бөліп қарастыруға болады. Дегенмен, мемлекеттің мәнінен туындайтын мына функцияларды ажыратқан орынды сияқты:

- Билік тұтқасына ие болып, үстемдік жасап отырағын әлеуметтік топтың (таптың) саяси мәнді түпкілікті мүддесін қорғау және іске асыру;
- Қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын сақтау мақсатында мемлекет аумағындағы сан түрлі әлеуметтік топтар мен таптардың мүдделерін ескеріп, үйлестіріп, мүмкіндігінше ол мүдделердің іс жүзіне асу үрдісін реттеп отыру;
- Халықаралық қарым-қатынастарды жүргізу және мемлекеттік дербестікті, тәуелсіздікті қорғау.
- Мемлекеттік құрылым нысандары - бірнеше түрге жіктеледі:
- Мемлекеттік басқару нысандары;
- Мемлекеттік құрылыс нысандары;
- Саяси режимдер.

Мемлекеттік басқару нысандары – жоғары мемлекеттік билікті ұйымдастыруды, оның құрылымын, құқықтық мәртебесін, және жоғары органдардың қызметінің ретін білдіретін ұғым. Мемлекеттік басқару нысандарын жіктеудің бастауларын антикалық қоғамдық – саяси ойшылдардың еңбектерінен кездестіреміз.

Платон ежелгі грек қала – мемлекеттерін төмендегідей типтерге жіктейді:

- Монархия - бір жақсы адамның билік жүргізуі, оның кертартпа, бұрмаланған түрі – тирания;
- Аристократия – бірнеше жақсы адамдардың бірлесіп билік жүргізуі, оның кертартпа, бұрмаланған түрі - олигархия;

- Демократия – көпшіліктің яки бүкіл халықтың билік жүргізуі.

Бір қызығы Платон демократияның кертартпа, бұрмаланған түрін бермейді, себебі ол демократияны тұтастай кертартпа, басқарудың ең нашар түрі деп есептеген.

Платонның дәстүрін онан әрі жалғастырған Аристотель мемлекетті яки конституцияны жіктеудің негізгі екі түрін ұсынады: “мемлекетті өмірге әкелген мақсаттың табиғаты”, мен “адамдар мен олардың ассоциациясы бағынатын билік формаларының түрі”.

Аристотель мемлекеттерді басқару түріне қарай былайша жіктейді:

Қанша адам билік жүргізеді	Кімнің мүддесін қорғайды	
	баршаның	өздерінің
Бір адам	Монархия	Тирания
Бірнеше	Аристократия	Олигархия
Көпшілік	Полития	Демократия

Жаңа заман ойшылдарынан басқару жүйелерін жіктеудің кеңінен белгілі болған түрлерін Т.Гоббс пен Ш.Л.Монтескье ұсынды. Гоббс адамдардың тәуелділігінің формасына қарап мемлекеттің үш формасын ұсынады:

- Монархия - жеке адамның билігі;
- Аристократия – азаматтардың бір бөлігінің билігі;
- Демократия – халықтың көпшілігінің билігі.

Ш.Л.Монтескье өзінің “Заңдар рухы туралы” басты еңбегінің алғашқы 13 кітабында мемлекеттік басқарудың үш нысанын ұсынады:

- Республика;
- Монархия;
- Деспотизм.

Мемлекеттік құрылыс нысандары – мемлекеттің өз құрамындағы бөліністерді басқаруды ұйымдастыруын, орталықтың жергілікті басқару органдармен қарым-қатынасын реттейді. Қоғамның дамуы барысында оның үш түрі қалыптасқан: Унитарлық, федеративтік және конфедеративтік.

Азаматтық қоғам – жеке адамдардың сұранымдары мен мүдделерінің жарыққа шығып, қалыптасуына және олардың жүзеге асуына жағдай туғызатын мемлекеттен тәуелсіз, дербес қоғамдық институттар жүйесі.

Азаматтық қоғамның басты қозғаушы күші, субъектісі өзіне тән сұранымдары мен мүдделері бар адам болып табылады. Демек, адам мұнда шешуші басты тұлға. Оның мақсат – мүддесі мен талап – сұранымдарының қанағаттандырылу деңгейі азаматтық қоғамның өлшемі (критерийі) болып табылады. Адам арқылы ғана түрлі қоғамдық қатынастар азаматтық қоғамға келіп тоғысады.

Тарихи тұрғыдан алғанда азаматтық қоғам – мемлекеттен әлде қайда бұрын пайда болады. Ол алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың түрлі қарапайым бірлестіктері ретінде қалыптасады. Белгілі кезеңде азаматтық қоғам өз мүдделерін қорғау қажетіне байланысты мемлекетті дүниеге әкеледі, оған әл – қуат беріп қанаттандырады, билік тұтқасын ұстатады, оның құқықтық нормалар орнықтырып, заңдар қабылдап, өзіне қызмет істеуіне мүмкіндіктер туғызады. Алайда уақыт озған сайын мемлекет күшейе түседі, оның ықпалы мен пәрмені артады, бірте – бірте азаматтық қоғамның аумағын бүріп, тынысын тарылта түседі. Сөйтіп, өзі тудырған, өзі дүниеге әкелген мемлекет енді азаматтық қоғамды қысымға алады, ығыстыра бастайды. Әрине, азаматтық қоғам да мемлекетке қарсы айбын көрсетеді, түрлі қоғамдық қозғалыстар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қысым жасайды. Қысқасы азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қатынас қайшылыққа толы диалектикалық байланыспен сипатталады.

Демократиялық қоғамда азаматтық қоғам мен мемлекет бірін – бірі қуаттайды, бірін – бірі қажет етеді, үнемі келісімде болады. Ал тоталитарлық қоғамда мемлекет азаматтық қоғамды жұтып қояды, өмірдің барлық саласы қатаң мемлекет бақылауында болып, азаматтық қоғам нышандары жанышталып қалады.

Азаматтық қоғамның өмір сүруінің негізгі шарттары:

- Оның мүшелері нақты меншік иесі болуы керек. Басқаша айтқанда, меншік азаматтық қоғамдағы әрбір адамның бостандығының түр негізі болып табылады.
- Қоғамда көп түрлі әлеуметтік құрылымның және соған сәйкес сан түрлі мүдделердің бой көрсетуі.
- Адамдардың әлеуметтік белсенділік дәрежесінің жоғарылығы.
- Енді азаматтық қоғамның құрылымы қандай деген мәселеге келейік.
- Экономика саласында оған мемлекеттік емес кәсіпорындар мен шаруашылық бірлестіктері жатады (кооперативтер, акционерлік қоғамдар, корпорациялар, ассоциациялар, жеке меншік кәсіпорындар, ұжымдық шаруашылықтар, т.б.).
- әлеуметтік салада отбасы, мешіт (шіркеу), қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар, қорлар, тәуелсіз басылымдар, өзін - өзі басқару органдары, шығармашылық, кәсіптік, т.б. одақтар кіреді. Аталған құрылымдарға ықпал жасау азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қайшылықтың мәні болып табылады.

Азаматтық қоғамның негізгі функциялары:

- Азаматтардың мүдделері мен игілік-қазыналарының қорғалуын қамтамасыз ету, олардың жеке және қоғамдық өміріне мемлекеттің орынсыз араласып, өз өктемдігін тықпалай беруін шектеу.
- Қоғамдағы мүсәпірлер мен кембағалдардың күнкөрісіне азды-көпті қамқорлық жасау.
- Түрлі партиялар мен қозғалыстар, ұйымдар арқылы мемлекет саясатына араласып, ықпал жасау, өз өкілдерін мемлекеттік органдарға сайлау.

Азаматтық қоғамның қалыптасу арналары:

- Саяси биліктің демократиялық механизмдерін қалыптастыру, мемлекеттік құрылымдар мен одан тысқары қоғамдық – саяси ұйымдар арасында тепе – теңдік пен үйлесімдік табу;
- Нарықтық қатынастардың орнығуына, меншіктің көптүрлілігінің қалыптасуына, нарық механизмінің еркін қызмет атқаруына жағдай туғызу;
- Мемлекеттік және шаруашылық органдарының жаппай заңға бой ұсынуын қамтамасыз ету;
- Қоғамда дамыған әлеуметтік құрылымды қалыптастыру;
- Жеке кісілердің жоғары білім және мәдени деңгейінің, олардың жан – дүние бостандығының болуына қол жеткізу.

Әрине көріп отырғанымыздай, азаматтық қоғамның қалыптасуы - өте күрделі әрі ұзақ мерзімді, бағытталған іс – жігерді талап ететін процесс.

Азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің мәндерін ашу барысында олардың өзара өте тығыз байланыста екеніне көз жеткіземіз. Шынында да, азаматтық қоғам тек құқықтық мемлекет жағдайында толық мағынасына ие болып, өмір сүріп, қызмет атқара алады. Сондай-ақ, азаматтық қоғам жағдайында ғана мемлекет құқықтық мәнге ие болады, құқықтың үстемдігін тұтас қоғам мойындап, заңның билік мәртебесін орнықтыруға болады.

Бақылау сұрақтары (өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар) (бекіту тәсілдерін қолдану)

1. Мемлекеттің қоғамдағы орны мен негізгі қызметі қандай?
2. Мемлекеттің шығуы туралы қандай теориялар бар және олардың ерекшеліктерін атаңыз.
3. Мемлекеттің негізгі белгілерін атаңыз.
4. Мемлекеттің атрибуттық қасиеттеріне не жатады?
5. Мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларын мысалдармен түсіндіріңіз.

6. Платон мен Аристотельдің мемлекеттік басқару нысандары туралы көзқарастары қандай?
7. Жаңа заман ойшылдары Т. Гоббс пен Ш. Л. Монтескье мемлекетті қалай жіктеді?
8. Мемлекеттік құрылыс нысандарының қандай түрлері бар?
9. Азаматтық қоғам дегеніміз не және оның негізгі шарттарын атаңыз.
10. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара байланысы қалай сипатталады?

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017
3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" 12 сәуір 2017
4. Абсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. – 2 т.- Алматы: Қарасай, 2011.
5. Heywood A. Politics. - N.-Y.: Palgrave Macmillan, 2013.
6. Мұсатаев С.Ш. Саяси билік: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. – 2014
7. Әлемдік саясаттану антологиясы. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы: Қазақстан. – 2005-2009. - Т. 1-9
8. Казахстанский путь - 2050. -3 т./ Под ред. Султанова Б.К. – Алматы: КИСИ, 2014.

Қосымша:

1. Бәйділідинов Л.Ә. Теориялық саясаттану. – Алматы, 2005.
2. Булуктаев Ю.О. Политический режим и посткоммунистическая трансформация: теория, методология, практика.- Алматы, 2008.
3. Казахстанская политологическая энциклопедия / Под ред. Т.Т.Мустафина. - Алматы,1998.
4. Управление рисками в сфере внутренней политики Республики Казахстан/ Под. ред. Шаукеновой З.К. - Алматы, 2014.
5. Чеботаров А.Е. Политическая мысль суверенного Казахстана: динамика, идеи, оценки. Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015.